



Қор Туралы

Тұрақты даму және
esg саласындағы
стратегиялық тәсіл

Қордың елдің әл-ауқатына
қосқан үлесі

Біз қалай жұмыс
істейміз

● Біздің
адамдар

Таза қоршаған ортаға
инвестиция саламыз

Корпоративтік
басқару

Қосымшалар

Жұмысқа орналастыру

Біз білікті мамандарды жоғары бағалаймыз және олардың Қордың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізудегі маңызды рөлін мойындаймыз. Білікті жұмыскерлерді тарту және тартуды арттыру үшін біз корпоративтік құндылықтар мен негізгі элементтерге негізделген құндылық ұсынысын жасаймыз:

1. Бірегей тәжірибе: Даму, Компаниялар тобының дамуына үлес қосу және өзінің кәсіби нарықтық құнын арттыру мүмкіндігі.
2. Әлеуметтік маңыздылығы: Әрбір жұмыскердің компанияның дамуына және халықтың әл-ауқатына қосқан жеке үлесі.
3. Бәсекелестік шарттар: Ашық сыйақы, оқыту, дамыту және әлеуметтік жеңілдіктер.
4. Құндылықтар: Адалдық, ашықтық және қарапайымдылық қолайлы жұмыс ортасының негізі ретінде.

GRI 3-3 Үміткерлерді іздестіру меритократия мен ашықтық қағидаттарын негізге ала отырып, конкурстық іріктеу арқылы қажетті біліктілігі мен жеке қасиеттері бар үздік мамандарды тағайындауға бағытталған. Біз ішкі кандидаттарға басымдық беріп, мансаптық өсуге мүмкіндік береміз.

Қор компаниялары тобындағы бос орындарға кандидаттарды іздестіру ашық және тең конкурстық іріктеуді қамтамасыз ететін бірыңғай Qsamruk.kz цифрлық платформасы арқылы жүзеге асырылады. Платформаның жоғары тиімділігі нәтижесінде оның қызметтерін Қазақмыс, Петроретейл, Қазақстан Инвестмент Корпорейшн және басқа да сыртқы компаниялар пайдаланады. Бүгінгі таңда платформада 548 компания және 189 мыңнан астам пайдаланушы тіркелген, бұл ретте базада шамамен 1 000 бос жұмыс орны бар.

GRI 401-1 Қор тобы 2024 жылы 47 413 жұмыскерді жұмысқа қабылдады, бұл 2023 жылға қарағанда 15,4%-ға артық. Астанада жұмысшылардың басым бөлігі қабылданды. 2024 жылдың қорытындысы бойынша кадрлардың тұрақтамау коэффициенті шамамен 17% -ды құрады.

Сатып алу қызметі саласында жұмыс істеу үшін үміткерлер ерікті полиграфиялық тестілеуден өтеді.

Сондай-ақ біз Қордағы шетелдік мамандардың жұмыспен қамтылу аспектісін талдап жатырмыз. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қор компаниялары тобында жұмыс істейтін шетелдік мамандардың саны 306 адамды құрады, оның ішінде 40 адам – әкімшілік-басқару персоналы, 266 адам – өндірістік персонал.

GRI 402-1 Ұйым қызметіндегі елеулі өзгерістерге қатысты жұмыскерлерді хабардар етудің ең төменгі кезеңі - егер еңбек, ұжымдық шарттарда хабарламаның неғұрлым ұзақ мерзімі көзделмесе, күнтізбелік 15 күннен кешіктірмей.

GRI 401-1

Есепті жылы жұмысқа қабылданған жаңа жұмыскерлер

